



Жалпы адамзаттық құндылықтар отбасылық тәрбиенің негізі

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы

**Атырау облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының
«Жалпыадамзаттық құндылықтарға оқыту» бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру
курсының тыңдаушысы, №1 В.И.Ленин атындағы орта мектептің өзін – өзі тану пәні
мұғалімі З.Р.Досқалиева**


Жоспары

- ❖ «Өзін - өзі тану» рухани - адамгершілік білім беру бағдарламасының аксиологиялық негіздері.
- ❖ Балаларды тәрбиелеудегі ата – ананың рөлі (қыздар тәрбиесі, ұлдар тәрбиесі)
- ❖ Ата – аналармен тренинг «Кеме», «Кесе»
- ❖ Топпен жұмыс 5 топ жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйене отырып тақырыпты ашу. (кластер құрастыру, постер қорғау)
- ❖ Ата – аналардың балаларына тілектері. Ата – аналарға сауалнама таратып, толтыртқызу.

Жағымды күйге ену

Нұрға бөлену

center-psihologii.satu.kz



Сократтың ең бірінші қағидасы «Сен алдымен өзінді өзің таны»

Екінші қағидасы: «Менің білетінім: менің ештеңе білмейтіндігім, ал басқалар мұны да білмейді»

Сократ
469 – 399 б.з.д.

"Әр адамның бойында күн бар, тек оның нұрлануына мүмкіндік беріңдер!"


«Кімде кім әлемді өзгерткісі келсе, алдымен өзі өзгерсін»

Дүниедегі ең оңай нәрсе – біреуге ақыл айту,
Ең қиын нәрсе – өзінді өзің түсіну



Әл – Фараби
870 – 950 жж



- 
- Балаңыздың қандай болуын қалайсыз?
 - Қандай мінез құлық көргіңіз келеді?
 - Қандай адами қасиеттерді дарытқыңыз келеді?
 - Өзіңізден қандай қасиеттерді алғанын қалайсыз?

Ата – ананың отбасындағы рөлі

1. Сіз балаңызды жақсы көріп еркелеткенде (ұлыңызды немесе қызыңызды) қандай жақсы сөздер айтасыз?
2. Ең соңғы рет балаңызға қандай кітап (ертегі) оқып бердіңіз?
3. Балаңызбен сыр бөлісіп сырласасызба?
4. Балаңыз қандай түсті және қандай іспен шұғылданғанды жақсы көреді?

1. Әке – асқар тау, ана – ағып тұрған бұлақ, бала – жағасындағы құрақ. Әке мен ана бала тәрбиесінде отбасындағы жылылықты балаға сездіре білуі қажет. Сол арқылы бала бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіріп өседі.

2. Балаға уақытында көңіл бөлу, оның әрбір іс – әрекетімен санасу – оған деген сүйіспеншілікті дамытады. Сүйіспеншілік бар жерде ақиқат, дұрыс әрекет, қиянат жасамау, тыныштық болады.

3. Ата – ана өмір тәжірибесінен мысалдар келтіре отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды бала бойына сіңіру. Өмірден өз орнын табуға бағыттау. Адам болып қалыптасуына ықпал ету.



«Әке, мен 1 сағат уақытыңды сатып алайыншы!»

деректі фильмін көрсету

Қай құндылық терең көрсетілгені жайында сұраймын. Бала тәрбиесінде ата – ананың алатын орны ерекше. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз – ата – ана. Бала үшін ата – анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер – жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Қазақта ұл баламен қыз баланың тәртібіне, тәрбиесіне байланысты мынадай дана сөз бар «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген. Сондықтанда әке де, шеше де, балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез – құлқындағы ерекшелерді жете білген жөн.

«Өзін – өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының аксиологиялық негіздері

Ақиқат құндылығы

Шындықты айту, тек қана жақсы сөйлеу және қажеттіні айту, жақсыны көру, қарапайым, білімге құштарлық.

Сүйіспеншілік құндылығы

Отбасына, барлығына, жануарларға, сүйіспеншілікпен қарау, өзімшілдік болмау, достарына көмек қолын соза білуі.

Дұрыс іс-әрекет

Дұрыс іс-әрекет – ақиқат негізінде сүйіспеншілікпен әрекет ету. Шындықты айту, қарым-қатынасты бұзбау, жанжалдаспау, денсаулық және тазалықты сақтау (тек қана тәннің тазалығы емес, жанның тазалығы да қажет: таза ой, жақсы көңіл – күй), ата – анаға, мұғалімге, үлкендерге деген құрмет, тыңдау, батылдық.

Жан тыныштығы

Сыпайы, ашуланбайды, тыныштықта отыру тән, көңіл аудару.

Қиянат жасамау

рқашан көмектес, ешқашан зиян шектірме, жануарларға қамқорлық көрсету, ешкімді ренжітпеу, қауіпті заттармен ойнамау, топ болып жұмыс жасау.

Шығармашылық тапсырма беру:

5 топ жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйене отырып тақырыпты ашу. (кластер құрастыру, постер қорғау)

1. Ақиқат: отбасындағы әке рөлі
2. Сүйіспеншілік тобы: отбасындағы ана рөлі
3. Дұрыс әрекет тобы: қыз тәрбиесі
4. Ішкі тыныштық тобы: ұл тәрбиесі
5. Қиянат жасамау тобы: бала тәрбиесіндегі қоршаған орта рөлі постерлер қорғау

Абдижаппар Алкожа - "Аке Ана"

1) Жанашырым - ана, дара шыңым- ана
Бар асылым - ана, шуағымсың.

Бағбанымсың - әке, зор бағымсың - әке
Қорғанымсың- әке, шырағымсың.

Қайырмасы:

Ана - аяулым өзіңмен мақтанамын

Ана - мен сені меккеге апарамын

Ана - баланың қолдағың бақ талабын,
бұлағымсың.

Әке - бір жылы сөзіңе шаттанамын

Әке - мен сені меккеге апарамын

Әке - биікке самғайды баптағаның, шынарымсың
әке

2) Өмір берген маған, көңіл бөлген маған

Сенім берген маған айкүнімсің.

Қамқорларым дана, сүйенішім дара,

Әке менен ана байлығымсың.

Қайырмасы:

Ана - аяулым өзіңмен мақтанамын

Ана - мен сені меккеге апарамын

Ана - баланың қолдағың бақ талабын,
бұлағымсың.

Әке - бір жылы сөзіңе шаттанамын

Әке - мен сені меккеге апарамын


Әке - биікке самғайды баптағаның, шынарымсың
әке

Қайырмасы:

Ана - аяулым өзіңмен мақтанамын

Ана - мен сені меккеге апарамын

Ана - баланың қолдағың бақ талабын,



ҚИЯНАТ
ЖАСАМАУ

сүйіспеншілік



ІШКІ ТЫНЫШТЫҚ

ДҰРЫС
ӘРЕКЕТ
АҚИҚАТ

Қымбатты ата - аналар, сіздерге талмас қанат, шығармашылық шабыт тілейміз!

**Назарларыңызға
рахмет!**

